



СИЛЛАБУС

1. Пән туралы ақпарат

Пәннің атауы – **Жануарлар құрылымы мен қызметі 1**

Кредит саны – 5

Курс, семестр – 1/2

Оқу жылы – 2023 / 2024 жж.

Білім бағдарламасының атауы және шифры – **6B01512- Химия -биология**

Институт – **Жаратылыстану және география**

Кафедра атауы – **Биология**

Оқытушының аты-жөні, дәрежесі, ғылыми атағы, қызметі – PhD доктор, аға оқытушы Майматаева А.Д.

Контакттік ақпарат (телефон, e-mail) 87074405607 maimataeva_asia@mail.ru

2. Бақылау түрі (тест, жазбаша, ауызша)*

Критериялды бағалау:

Үй тапсырмаларының немесе БӨЖ мерзімдері ҚазҰПУ академиялық саясатына сәйкес жеңілдететін жағдайларда (ауру, шұғыл жағдайлар, күтпеген жағдайлар және т.б.) ұзартылуы мүмкін. Сындарлы сұрақтар, диалог, пікірталастарға қатысу, жаттығулар жасау және кері байланыс құпталады және көтермеленеді, ескеріледі және бағаланады:

1. Әр сабаққа тақырыпқа сәйкес, кестеге сәйкес алдын-ала дайындалу керек.
2. Үй тапсырмалары пән кестесінде көрсетілгендей семестр бойы бөлінеді.
3. Үй тапсырмаларының көпшілігінде бірнеше сұрақтар/тапсырмалар болады.
4. Семестр бойы сіз оқылатын материалды пайдаланасыз.
5. БӨЖ көрсетілген мерзімде орындалуы тиіс. Көрсетілген мерзімнен кейін БӨЖ қабылданбайды.

Бақылау формасы (жазбаша, ауызша, тест түрінде емтихан)

Бағалау шкаласы *Қосымшада

Сіздің қорытынды бағаңыз мына формула бойынша есептеледі: $(AB1+AB2) \cdot 0,3 + EMT \cdot 0,4$

3. Курстың академиялық презентациясы

Пәннің мақсаты жануарлардың алуантүрлілігін, олардың морфологиясын және тіршілік айналымдарын зерттеу

Пәннің мазмұны: жануарлар туралы ғылым. Қарапайымдылардың жалпы сипаттамасы, олардың жіктелуі. Көп жасушалы жануарлардың шығу тегі. Өртүрлілік, омыртқасыздардың таралуы. Паразиттік жануарлардың тіршілік айналымдарының ерекшеліктері. Жануарлардың филогенезі және экологиялық радиациясы.

Құзыреттілік: жануарлардың құрылысы мен көптүрлілігі туралы тұтас дүниетанымды қалыптастыру

Пәннің негізгі міндеті

Жануарларды классификациялаудың, теориялық және практикалық маңызымен таныстыру, органикалық дүниенің қазіргі заманғы системасын оқыту, төменгі және жоғарғы сатыдағы жануарлар туралы түсініктер қалыптастыру, таксономиялық категорияларды ажырата білуге үйрету, филогенетикалық системаны құрудың принциптері туралы түсінік беру.

Төменгі және жоғарғы сатыдағы жануарлардың морфологиялық ерекшеліктерін және негізгі таксономиялық категориялардың айырмашылығын ажырата білуі керек;

Алуан түрлі жануарлардың топтарын табиғи жағдайда зоологиялық тұрғыдан дұрыс сипаттап меңгеруі керек.

білім алушыларда пәндер бойынша оқыту ББ бойынша пәндік құзыреттіліктермен қатар қалыптастыру болып табылады;

- зоологияның тұжырымдамалық және теориялық негіздерін, оның биологиялық ғылымдар жүйесіндегі орны мен құндылықтарын, зоологияның даму тарихы мен қазіргі заманғы жағдайын, жануарлардың ерекшеліктерін түсінеді, әр жастағы балаларға білім беруде сабақтастықты іске асыратын құралдарды меңгерген;

- орта мектеп оқушыларына зоологияны оқытудың әдіс – тәсілдерінің технологиясын, бақылаулар мен тәжірибелер нәтижелерін педагогикалық тұрғыдан талдау әдістерін және компьютерлік үлгілеуді қолдануды игерген.

4. Курстың академиялық саясаты:

- оқытушы өзінің іс-әрекетін жоғары кәсіби деңгейде жүзеге асырады;
- қарым-қатынас стилі – демократиялық, оқытушы білім алушылардың дара ерекшеліктерін ескереді;
- оқытушының білім алушыға талабы кәсіби этикаға негізделіп позитивті сипатта болуы тиіс;
- оқытушы және білім алушылары әрбір аудиториялық сабаққа күнтізбелік- тақырыптық жоспарға сәйкес алдын ала дайындалады.

Академиялық тәртіп ережелері:

Сабаққа міндетті түрде қатысу, кешігуге жол бермеу. Сабаққа кешігу және сабақтан себепсіз қалу 0 баллмен бағаланады.

Тапсырмаларды (БОӨЖ, БӨЖ, аралық, бақылау, зерттеушілік, жобалық, эссе және т.б.), жобаларды, емтихандарды орындау және тапсыру мерзімдерін міндетті түрде сақтау. Тапсыру мерзімі бұзылған жағдайда тапсырма айыппұл баллдарын шегеру есебімен бағаланады.

Академиялық құндылықтар:

Академиялық адалдық және тұтастық: барлық тапсырмаларды орындау дербестігі; плагиаттың, жалғандықтың, шпаргалкаларды пайдаланудың, білімді бақылаудың барлық түрлерінде көшіріп алу және оқытушыны алдауды болдырмау.

Мүмкіндігі шектеулі студенттер e-mail бойынша кенес, көмек ала алады maimataeva_asia@mail.ru

Пререквизиттер: Жасуша және ұлпа биологиясы, Биологияға кіріспе

Постреквизиттер: Омыртқалы жануарлардың биологиясы, экологиясы, систематикасы

5. Ақпараттық ресурстар: (Интернет-ресурстарды қоса алғанда)*

1. Батырова К.И., Майматаева А.Д. Зоология беспозвоночных электронный учебное пособие 2014 г 273 Мсб
2. Батырова К.И., Жаксыбаев М.Б., Майматаева А.Д., Сексенова Д.У. Омыртқасыздар зоологиясы Электронды оқу құралы 2014 ж 273 Мсб
3. ru.wikipedia.org/wiki/Зоология
4. school-textbooks.webshops.ru/g32820 – 14 Кб
5. book.marketgid.su/book/4180729 – 4 Кб
6. binton.narod.ru/Temporary/Texno/b5.html – 3 Кб

Оқу әдебиеттері:

Негізгі әдебиеттер

1. Түсіпова Т.С. Омыртқасыздар зоологиясы I–II том Алматы 2003 396 б, 401 б
2. Дәуітбаева К.Д. Омыртқасыздар зоологиясы I–II том Алматы 2004 401 б, 401 б
3. Шарова И. Х. <Зоология беспозвоночных: Учеб. для студ. высш.учеб. заведений.- М.: Гуманит. Изд. Центр ВЛАДОС, 1999. с. 538.

Қосымша әдебиеттер

1. Орақбаева А.О., Сматов Ж.С. Бірклеткалы жануарлар тармағы Алматы 1991 85 б
2. Сматов Ж.С. Ішекқуыстылар Алматы 1995 100 б
3. Сматов Ж.С. Құрттар Алматы 2000 ж 98 б
4. Шапкин В.А. и др. Практикум по зоологии беспозвоночных. - М.: ACADEMIA, 2003. с. 297
5. Буруковский Р.Н. Зоология беспозвоночных Часть 2 – Калининград 2000 г с. 256
6. Буруковский Р.Н. Зоология беспозвоночных Часть 3 –Калининград 2001 с. 258

6. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар:

Апта /күні	Тақырып атауы (дәріс, практикалық сабақ, БӨЖ)	Сағат саны	Ең жоғары балл	Бақылау формасы
1	2	3	5	
1	Дәріс 1. Кіріспе. Органикалық дүниенің құрамындағы омыртқасыз жануарлар. Систематика Қарапайымдылар патшалық тармағы. Жалпы сипаттамасы.	1	1	Google Forms
	Зертханалық сабақ 1. Кәдімгі амёбаны мысалға ала отырып, тамырақтылардың құрылысымен танысу (арцелла, диффлюгия, фораминифералар)	2	5	Сұрақ жауап
	Семинар 1 Саркодиналар тип тармағының алуантүрлілігі	1	3	Топтық жұмыс
2	Дәріс 2. Талшықтылар тип тармағы	1	1	Кесте құрастыру
	Зертханалық сабақ 2. Талшықтылардың құрылыс ерекшеліктері	2	5	Топтық жұмыс
	Семинар 2 Жануартекес талшықтылар класс тармағының отрядтарына жалпы сипаттама	1	3	Кесте толтыру
3	Дәріс 3 Тип Апикомплекстер (Споралылар) паразиттік тіршілікке байланысты апикомплекстердің ұйымдасу ерекшеліктері	1	1	Негізгі ұғымдарға анықтама беру
	Зертханалық сабақ 3 . Паразиттік тіршілікке байланысты апикомплекстердің ұйымдасу ерекшеліктері	2	5	Презентация
	Семинар 3 Пироплазмалар отрядына жалпы сипаттама	1	3	Сұрақ жауап
4	Дәріс 4 Инфузория типі Жалпы сипаттамасы	1	1	Топтық жұмыс
	Зертханалық сабақ 4 Инфузориялардың ұйымдасу ерекшеліктері	2	5	Кесте құрастыру
	Семинар 4 Инфузориялардың көптүрлілігі	1	3	Топтық жұмыс
	БӨЖ 1 Қарапайымдыларға салыстырмалы талдау		10	Кесте толтыру
	БӨЖ 1 Қарапайымдылардың филогениясы			Негізгі ұғымдарға анықтама беру
5	Дәріс 5 Ішеккуыстылар типі.Жалпы сипаттамасы	1	1	Презентация
	Зертханалық сабақ 5. Тұщы су гидрасының мысалында ішеккуыстылар ұйымдасуының негізгі белгілері	2	5	Сұрақ жауап
	Семинар 5 Губкалар типі. Клеткаларының ерекшеліктері	1	3	Топтық жұмыс
	БӨЖ 2 Маржан полиптері класы, ұйымдасу ерекшеліктері		8	Кесте құрастыру
	БӨЖ 2 Маржан полиптерінің практикалық маңызы			Топтық жұмыс

6	Дәріс 6 Жалпақ құрттар типі. Құрылысындағы прогресстік белгілері	1	1	Кесте толтыру
	Зертханалық сабақ 6. Ақ планарияның мысалында жалпақ құрттардың құрылысы	2	5	Негізгі ұғымдарға анықтама беру
	Семинар 6 Кірпікшелі құрттардың негізгі өкілдерінің морфофизиологиялық сипаттамасы	1	3	Презентация
7	Дәріс 7 Жалпақ құрттардың негізгі кластарының морфологиялық және биологиялық ерекшеліктері	1	1	Сұрақ жауап
	Зертханалық сабақ 7 Паразиттік жалпақ құрттардың құрылысы (сорғыштар және таспа құрттар)	2	5	Топтық жұмыс
	Семинар 7 Паразиттік жалпақ құрттар адамдар мен жануарлардың басты паразиттері	1	3	Кесте құрастыру
	БООЖ 3 Таспа құрттар класының тіршілік циклін талдау		10	Топтық жұмыс
	БӨЖ 3 Жалпақ құрттар типінің филогениясы			Кесте толтыру
8	Дәріс 8 Жұмыр құрттар типі. Жалпы сипаттама	1	1	Негізгі ұғымдарға анықтама беру
	Зертханалық сабақ 8. Аскариданың мысалында жұмыр құрттардың құрылысы	2	5	Презентация
	Семинар 8 Паразиттік жұмыр құрттар адамдар мен жануарлардың басты паразиттері	1	3	Сұрақ жауап
	1 аралық бақылау, барлығы		100	Топтық жұмыс
9	Дәріс 9 Буылтық құрттар типі. Жалпы сипаттама	1	1	Кесте құрастыру
	Зертханалық сабақ 9 Буылтық құрттардың өкілі - жауын құртының анатомиясы	2	5	Топтық жұмыс
	Семинар 9 Буылтық құрттар типінің көптірлілігі салыстырмалы талдау	1	3	Кесте толтыру
10	Дәріс 10 Моллюскалар типі. Классификациясы. Қосжақтаулылар класы.	1	1	Негізгі ұғымдарға анықтама беру
	Зертханалық сабақ 10 Қосжақтаулылардың сыртқы және ішкі құрылысы	2	5	Презентация
	Семинар 10 Басаяқтылар класының ерекшеліктері	1	3	Сұрақ жауап
11	Дәріс 11 Бауыраяқтылар класы. Ұйымдасу ерекшеліктері	1	1	Топтық жұмыс
	Зертханалық сабақ 11 Бауыраяқтылардың сыртқы және ішкі құрылысы	2	5	Кесте құрастыру
	Семинар 11 Бақалшақтылар тип тармағының салыстырмалы сипаттамасы	1	3	Топтық жұмыс
	БООЖ 4 Бүйіржүйкелілер тип тармағы		9	Кесте толтыру
	БӨЖ 4 Моллюскалардың экожүйелердегі экологиялық және практикалық маңызы			Негізгі ұғымдарға

				анықтама беру
12	Дәріс 12 Буынаяқтылар типі. Жалпы сипаттама. Шаянтәрізділер класы. Ұйымдасу белгілері	1	1	Презентация
	Зертханалық сабақ 12 Өзен шаянының сыртқы және ішкі құрылысы	2	5	Сұрақ жауап
	Семинар 12 Буынаяқтылар типі тип тармақтарының салыстырмалы сипаттамасы	1	3	Топтық жұмыс
	БООЖ 5 Шаяндар класының классификациясы		9	Кесте құрастыру
	БӨЖ 5 Шаяндардың алуантүрлілігі және практикалық маңызы			Топтық жұмыс
13	Дәріс 13 Өрмекшітәрізділер класы. Ұйымдасу ерекшеліктері	1	1	Кесте толтыру
	Зертханалық сабақ 13 Өрмекшілердің морфологиялық құрылысы	2	5	Негізгі ұғымдарға анықтама беру
	Семинар 13 Өрмекшілердің көптүрлілігі. Салыстырмалы сипаттамасы	1	3	Презентация
	БООЖ 6 Кенелер отряды: биоценоздағы маңызы, өсімдіктер зиянкестері, адам мен жануарлар паразиттері, ауруларды тасымалдаушылар		10	Сұрақ жауап
	БӨЖ 6 Семсерқұйрықтылар класының ерекшеліктері, алуантүрлілігі, көбеюі және дамуы			Топтық жұмыс
14	Дәріс 14 Насекомдар класы. Ұйымдасу ерекшеліктері	1	1	Кесте құрастыру
	Зертханалық сабақ 14 Шыртылдақ қоңызының мысалында насекомдардың морфологиялық құрылысы	2	5	Топтық жұмыс
	Семинар 14 Жабықжакты насекомдар класының ерекшеліктері	1	3	Кесте толтыру
15	Дәріс 15 Насекомдар класы. Ұйымдасу ерекшеліктері	1	1	Негізгі ұғымдарға анықтама беру
	Зертханалық сабақ 15 Насекомдардың түрлерін анықтау	2	5	Топтық жұмыс
	Семинар 15 Ашықжакты насекомдар класының ерекшеліктері	1	3	Презентация
	БООЖ 7 Көпаяқтылар класс тобының ерекшеліктері		8	Кесте толтыру
	БӨЖ 7 Насекомдардың алуантүрлілігі және практикалық маңызы			
	2 аралық бақылау, барлығы		100	

Оқытушы _____ Майматаева А.Д.

Кафедра меңгерушісі _____ PhD Майматаева А.Д.

Институттың, ОӘБ төрайымы _____ Бейкитова А.Н.